



Ерте жастағы жүктіліктің  
алдын алу





**Ерте жүктілік деп 13-18 жас аралығында болған жүктілікті айтамыз.**

**Бұл кезде қыз бала биологиялық жағынан да, әлеуметтік жағынан да жүктілікке дайын емес болады.**



**Бұрын ерте жүктілік жағдайы төмен отбасыларында болса, қазір тұрмыс жағдайы жақсы отбасында өскен қыз балаларда да ерте жүктіліктер жиі тіркелуде.**

**Бұл ерте есею, әлеуметтік желілердегі ерте жыныстық өмірді насихаттау, ата-ана жағынан бақылаудың болмауы, жыныстық тәрбиенің әлсіздігінің салдары**



Қазіргі заманда қыз балалардың жыныстық дамуы ерте жүреді, сондықтан да сексуалдық қалау да ерте дамиды. Ата-аналардың басты мақсаты – балаларды жыныстық өмірге психологиялық дайындау және де бұл әрекеттер балалар жыныстық өмір бастамай тұрып ерте жасау



**Көпшілік ата-аналар балаларының сексуалды өмірлеріне араласқылары келмейді. Мұны бұқаралық құралдардан, интернеттен біліп алады, мектепте мұғалімдер үйретеді деп ойлайды.**

# Ерте жүктіліктің қауіп-қатері

Жүктілік кезінде жүрек-қан тамыр жүйесіне, эндокриндік жүйеге және басқа да жүйелерге қосымша жүктеме түсетіні белгілі.

Ал бойжеткен кезінде әлі толық қалыптаспаған ағзаға одан да күшті жүктеме түседі.



# Ерте жүктіліктің қауіп-қатері

- **анемия** немесе қаназдық;
- гипертония немесе қан қысымы жоғарылауы;
- токсикоз;
- плацентадағы өзгерістер (гормондар өндірілуінің жеткіліксіздігіне байланысты
- Түсіктер немесе мерзімінен бұрын босану;
- **Босану кезіндегі асқынулар** – босану жолдары арқылы ұрықтың өтуінің қиындауы, кесар тілігі операциясы.
- **Ұрықтың жетілмеуі** (нәресте неғұрлым ерте туылса, соғұрлым көру, асқорыту, тыныс жүйесі, жалпы даму жүйелерінде мәселелер туындау мүмкіндігі жоғары);
- Босанудағы жарақаттар;
- Нәрестенің ақыл-ой, физикалық дамуының кідіруі





## Статистикалық мәліметтер бойынша:

- кәмелетке толмаған жастардың 40-60% ерте жыныстық қатынасқа түседі. Солардың ішінде 10% 14 жасқа толмаған жасөспірімдер.





Статистика бойынша бойжеткен кезіндегі жүктіліктің 70% абортпен, 15% түсікпен және тек 15% босанумен аяқталатыны белгілі. Осы 15% босанудың өзінде ана мен бала өлімінің қатері көп.



Жүкті болған қыз балалар не істерін білмей күйзеліске беріледі. Жас әкелер әдетте шеттеніп, «өзің шеш» деп кетіп қалады. Өзін кінәлі сезінген қыз не істерін білмейді. Аборт жалғыз жол болып көрінеді. Ал аборт көптеген гинекологиялық ауруларға, болашақта тіпті бедеулікке де әкеледі. Аборттың алдын-алудың бір жолы – контрацепция.



Ерте жүктіліктің қауіп-қатері  
-Жас ана жүктілікті физикалық көтере алмайды. Жас анада қиын таңдау тұрады: аборт жасау немесе баланы қалдырса өзін және нәрестені қауіп-қатерге тігу. Толық қалыптаспаған организм жүктілікпен және босануды көтере алмауы мүмкін, сондықтан мерзіміне жетпеген нәресте немесе ақауы бар нәресте туылуы мүмкін.



Келесісі ол – **психологиялық мәселе.** Жүкті екенін білген қыз оңашаланады, өзі үлкен мәселелерді шеше бастайды, яғни ерте есейеді.

**Социалдық мәселе.** Қазіргі қоғам ерте жүктілікке қарсы, көбіне сөгіп талқылайды. Қыз бала ата-анасына айтуға қорқады, босану үшін мектепті тастайды. Білімі жоқ болған соң дұрыс жұмысқа орналаса алмайды. Баланы және өзін бағу үшін жеңіл жүрісті өмір бастайды, ол келесі жүктілікке алып келеді.



# Жасанды түсік деп – жүктілікті 22-ші аптаға дейін жасанды түрде үзуді айтамыз.

Қазіргі кезде жасанды түсікті әр адам өз қалауы бойынша 12 аптаға дейін жасай алады, ал жүктілік мерзімі одан көп болатын болса, түсік жасау қиын және медициналық қатаң көрсеткіштер бойынша жасалынады. 22 аптадан бастап құрсақтағы ұрық нәресте болып есептеледі.



### Вакуумный аборт девяти недельного ребенка.

**А** Вводится вакуумный абортивный аппарат. Вводится в полость матки. Вводится в полость матки.

**Б** Вакуумным абортивным аппаратом производится удаление плода. В процессе удаления плода в полость матки вводится вакуумный абортивный аппарат.

**В** После вакуумного аборта производится удаление вакуумного абортивного аппарата. В процессе удаления вакуумного абортивного аппарата в полость матки вводится вакуумный абортивный аппарат.

**С** После вакуумного аборта производится удаление вакуумного абортивного аппарата. В процессе удаления вакуумного абортивного аппарата в полость матки вводится вакуумный абортивный аппарат.

[www.dic.ac.ru](http://www.dic.ac.ru)



# Аборттан кейінгі асқынулар

**Бедеулік**

**Жатыр мен жатыр мойны  
қабырғасының зақымдануына  
байланысты жүктілікті  
көтереалмаушылық**

**Қан кету**

**Инфекциялық асқынулар, олар  
өз кезегінде бедеулікке алып  
келеді**



## Ерте жүктіліктің алдын-алу жолдары

- ата-аналармен сенімді қарым-қатынас орнату, жиірек әңгімелесу, қаламаған жүктілікті болдырмау әдістерімен танысу.

- жыныстық тәрбие жайлы көбірек әдебиеттер оқу

-өзіне сұрақ қою осындай өмірге дайынмын ба? Баланы көтере алам ба? Оған дұрыс тәрбие бере аламын ба?

-Контрацепция әдістерін білу





**Контрацепция (қалаусыз жүктіліктің алдын алу) құралдарын, контрацепция жайлы кітаптар алу жеткілікті емес, ең бастысы қыз балаға оларды қолдануды әдетке айналдыру маңызды.**

## Жасөспірім шақта қолданылатын контрацепция әдістері:

- Барьерлік әдіс (презерватив) – жасөспірімдер үшін ыңғайлы, қолжетімді әдіс болып табылады. Қалаусыз жүктіліктің, жыныстық жолмен жұғатын инфекциялардың алдын алады
- Химиялық әдіс (спермицидтер)
- Гормональды әдіс



## Оқыс оқиға.

2016 жылдың 3 қаңтарында Жамбыл облысы, Абай ауданына карасты Тұрар Рысқұлов елді мекенінде жол бойындағы дәретханада жаңа туылған нәресте табылды. Құзырлы органдардың баяндауынша тастанды нәресте- қыз жынысты, 3600,0 гр. Қазіргі таңда нәресте жағдайы қанағаттанарлық.





2016 жылдың 13 қаңтарында Жамбыл облысы Талас ауданына қарасты Ақкөл ауылында жол бойында жаңа туылған нәрестенің денесі табылды. Құзырлы органдардың хабарлауы бойынша нәрестені көлік терезесінен жол бойына лақтырып кеткен.

Мұндай оқиғалар – қылмыс болып табылады. Құқықтық жауапкершілік жыл.



**"Ұл тәрбиелей отырып, жер  
иесін тәрбиелейміз,  
Қыз тәрбиелей отырып,  
ұлтты тәрбиелейміз" деп  
қазақ халқы ерте кезден  
адамгершілікті, ар-ұятты,  
инабаттылықты жоғары  
бағалай білген.**

Назарларыңызға рахмет!

